

Қалыпты жағдайда қызылиек сайның табаны кіреуке-дентин шекарасы денгейінде орналасқан, ал адамның жасы ұлғайған сайын біраз төмендей немесе жогарылай түседі.

Тісаралық қызылиек бүртігі пішіні ұшкір ұшы тістердің тістеу қырына немесе шайнау бетіне бағытталған конусқа, ал ал ауыз кіреберісі ұшбұрышқа ұқсас келеді және көршілес тістер арасындағы кеңістікті тығыз толтырып тұрады.

Тістер сирек орналасқан жағдайда (тістер арасында түйісу орны болмаған кезде) қызылиек бүртігі ұшбұрышқа ұқсас пішінін жоғалтып, тістердің мойын денгейінде альвеолалық қызылиекке ауысады